

БЕКІТЕМІН
«Шығыс Қазақстан гуманитарлық
колледжі» КМҚК директоры
Курманов Ф.С.
2017 ж.

**«Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі»
Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2017 жылға
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Қабылдаудың осы ережесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидалары» негізінде құрастырылған.

1.2. Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжіне негізгі орта (жалпы негізгі), жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар қабылданады.

1.3 Колледжге оқуға түсу кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі Заңының 26 - бабының 8- тармағына сәйкес айқындалған тұлғаларды қабылдауға квота көзделеді:

- I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар үшін - 1 пайыз ;

- жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін - 0,5 пайыз;

- ауылдың (селоның) әлеуметтік экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін - 30 пайыз;

- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ азаматтар үшін – 2 пайыз;

- Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін – 1 пайыз.

1.4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін түсу емтиханы әңгімелесу түрінде жүргізіледі.

**2. Құжаттарды қабылдауды және қабылдау емтихандарын өткізуді
ұйымдастыру**

2.1. Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінде азаматтардан оқуға өтініштерін қабылдау, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар

құрамына қабылдау үшін **1 маусымнан** қабылдау комиссиясы ұйымдастырылады.

2.2. Оқуға түсушілерді қабылдау нәтижесі туралы ақпаратпен оқудың күндізгі нысаны бойынша 30 тамызға дейін, сырттай және кешкі оқу нысаны бойынша 30 қыркүйекке дейін ақпараттық стендіге жариялау арқылы немесе колледждің интернет ресурсы арқылы қабылдау комиссиясы таныстырады.

2.3. Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжіне оқытудың күндізгі нысанына азаматтардан құжат қабылдау **20 маусымынан 20 тамызға** дейін жүреді. Оқудың сырттай нысанына құжат **20 маусымнан 20 қыркүйекке** дейін қабылданады.

2.4. Талапкерлер колледжде білім алу үшін қабылдау туралы өтінішпен бірге келесі құжаттарды қосымша тапсырады:

- **білімі туралы құжаттың түпнұсқасын;**
- **№ 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы, флюорография суретімен (I және II топтағы мүгедектер мен бала жасынан мүгедектер үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы);**
- **4 фотосурет (3X4)**
- **осы жылы мектеп бітірген 11 сынып түлектеріне ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы (ҰБТ) нәтижесі туралы немесе кешенді тестілеу сертификаты.**

Жеке басын куәландыратын құжаттарды оқуға түсушінің өзі, ата-аналары немесе заңды өкілдері ұсынады.

Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар мәртебесін анықтайтын, тұрғылықты жерге тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;**
- 2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;**
- 3) босқын – босқынның куәлігі;**
- 4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;**
- 5) оралман – оралман куәлігі.**

Оқуға түсушілерден түскен өтініштер білім беру ұйымының тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

2.5. Кешенді тестілеу сертификатын (жоғары оқу орындарына түсу үшін ағымдағы жылы кешенді тестілеуге қатысқан өткен жылдар түлектері) немесе ҰБТ нәтижелері туралы сертификатын тапсырған (ағымдағы жылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан бітірушілер) тұлғалар түсу емтихандарынан босатылады және конкурсқа жіберіледі.

2.6. Колледжге түсу емтихандары:

- жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) өткізіледі;

- негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер - негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

- мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін мамандық бейіні бойынша өткізіледі;

- мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі.

Міндетті бейіндік пән тізімдері

Шифр	Мамандық	Шифр	Біліктілік	Негізгі жалпы білім негізінде	Жалпы орта білім негізінде
0101000	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	0101013	Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешісі	Қазақ әдебиеті	Биология
0102000	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру	0102023	Ұйымдастырушы педагог	Биология	Биология
		0102033	Білім беру ұйымының тәрбиешісі	Биология	Биология
		0102043	Білім беру ұйымының тәлімгері	Биология	Биология
0103000	Дене тәрбиесі және спорт	0103023	Дене тәрбиесі және спорт пәнінің мұғалімі	Арнайы емтихан	Арнайы емтихан
		0103033	Спорт жаттықтырушысы-оқытушы	Арнайы емтихан	Арнайы емтихан
0105000	Бастауыш білім беру	0105013	Бастауыш білім беру пәнінің мұғалімі	Математика	Математика
		0105023	Информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі	Математика	Математика
		0105033	Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі	Шетел тілі	Шетел тілі
0107000	Технология	0107013	Технология пәнінен негізгі орта білім беру мұғалімі	Шығармашылық емтихан	Шығармашылық емтихан
0111000	Негізгі орта білім	0111013	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті
		0111023	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	Орыс әдебиеті	Орыс әдебиеті
		0111063	Математика мұғалімі	Математика	Математика
		0111073	Физика мұғалімі	Физика	Физика

		0111083	Шетел тілі мұғалімі	Шетел тілі	Шетел тілі
		0111093	Информатика мұғалімі	Математика	Математика
0112000	Исламтану	0112023	Ислам негізінің мұғалімі	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті
1304000	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру	1304043	Техник-программист	Математика	Математика

2.7. Колледжге түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі. Қабылдау емтихан түрі - кешенді тестілеу.

Шығармашылық емтихандар бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған немесе емтиханға дәлелді себепсіз келмеген азаматтар кешенді тестілеуге жіберілмейді.

0111083 «Шетел тілі мұғалімі» біліктілігіне бейінді пәннен түсу емтиханы ауызша өткізіледі.

2.8. Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжіне оқуға түсетін тұлғалар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары (кешенді тестілеу) **1 тамыз бен 28 тамыз** аралығында, оқудың сырттай нысанына **1 тамыз бен 25 қыркүйек** аралығында өткізіледі.

2.9. Тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны **25 болып белгіленеді**. Әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы **1 балмен** бағаланады.

Тестілеуге 3 пән бойынша **2 сағат 15 минут, ал 2 пәнге 1 сағат 30 минут** бөлінеді. Дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқтала салысымен ілінеді. Тестілеу нәтижелері тестілеу өткізген күні хабарланады.

Шығармашылық пәндер бойынша емтихандардың нәтижелері бойынша алынған "3", "4", "5" бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шкала бойынша: "3" - 8 балл, "4" - 17 балл, "5" - 25 балдарға ауыстырады.

2.10. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және тест тапсырмаларын (сұрақтарын) бағалау және шығармашылық емтихандары кезіндегі даулы мәселелерді шешу, түсушілердің құқығын қорғау мақсатында колледжде апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссия құрамына апелляция комиссиясының төрағасы, хатшысы және мүшелері кіреді.

Тестілеу немесе пәндер бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға шағым білдіруіне болады.

Апелляцияға өтініш тестілеу немесе түсу емтихандарының нәтижелері хабарланғаннан кейін апелляциялық комиссияға келесі күнгі сағат 13.00-ге дейін беріледі және бір тәулік ішінде өтініш берушінің қатысуымен апелляциялық комиссияда қаралады.

Апелляциялық комиссия шешімі комиссия құрамы тізіміндегі тұлғалардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда комиссия төрағасы шешуші дауыс беруге құқылы. Комиссия жұмысы төрағаның және барлық комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын хаттамамен ресімделеді.

2.11. Тестілеуді немесе пәндер бойынша түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

3. Білім алушылар құрамына қабылдау

3.1. Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжіне білім алуға азаматтарды қабылдау конкурстық негізінде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Конкурс: ҰБТ сертификаттарының балдары негізінде, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына түсу үшін кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар балдары негізінде, пәндер бойынша немесе колледж жүргізген тестілеу нысаны бойынша алынған балдар (бағалар) негізінде жүргізіледі.

Қабылдау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ немесе кешенді тестілеу сертификаттарында көрсетілген үш пәннің балдар сомасы ескеріледі.

Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

- негізгі жалпы білім алғандар үшін екі пәннен 20 балдан кем, білім мамандықтары бойынша 25 балдан кем;

- жалпы орта білім алғандар үшін үш пәннен 30 балдан кем, білім мамандықтары бойынша 35 балдан кем жинағандар жіберілмейді.

Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беруге және неғұрлым қабілетті әрі техникалық және кәсіптік білімнің білім берудің бағдарламаларын меңгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжіне білім алушылардың құрамына қабылдау:

- күндізгі оқу нысанына - 25 тамыз бен 30 тамыз аралығында;

- оқудың сырттай нысанына - 15 қыркүйек пен 30 қыркүйек аралығында жүзеге асырылады.

3.2. Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжіне қабылдауды қабылдау комиссиясы мамандықтар бойынша жеке ашық отырыстарда жүргізеді.

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



Ж. Слямбекова